

Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесі туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 9/1 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 19 ақпанда N 2312 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен.

Ауданда қолданылып жүрген басқа тілдердің, аудан аумағында дамуына, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында кең қолданылуына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі қызметін үйлестіруге, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында және 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесі құрылып, заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатқа бекітуіне ұ с ы н ы л с ы н .

2. Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесінің Ережесі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 2 қ а ң т а р д а ғ ы
"Тілдерді қолдану мен дамытуды
қамтамасыз ету жөніндегі
аудандық үйлестіру кеңесі
туралы" N 9/1 қаулысымен
бекітілді

Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесі туралы

Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесі аудан мемлекеттік органдары мен мемлекеттік емес ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктердің, Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын аудан аумағында жүзеге асыру жөніндегі консультативтік кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметіне Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығын, 2002 жылғы 19 маусымдағы "Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесі туралы" N 137/7 қаулысын, сондай-ақ осы ережесін басшылыққа алады.

3. Кеңес аудан мемлекеттік органдар қызметкерлері, жұртшылық өкілдері, шығармашылық зиялылар, тіл мамандары ішінен құрылады. Кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде атқарады.

4. Кеңестің құрамы аудандық мәслихат сессиясының қаулысымен бекітіледі.

5. Кеңес өз қызметін мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен жүзеге асырады.

6. Кеңес ұсыныс сипатындағы қаулысы қабылдайды.

2. Кеңестің құқықтары

7. Селолық округ әкімдерінің, мекеме және ұйым басшыларының, Қазақстан Республикасының "Тілдер туралы" Заңының орындалуы туралы есептерін тыңдау.

8. Аудандық "Ана тілі" бағдарламасы шеңберінде өткізілетін іс-шаралар жоспарын бекіту.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзырын жүзеге асырады.

3. Кеңестің мақсаты, міндеттері мен функциялары

10. Облыс әкімдігінің 2002 жылғы 21 мамырдағы N 1221/6 қаулысымен мақұлданған Тілдерді қолдану мен дамытуды 2002-2003 жылдарға арналған "Ана тілі" облыстық бағдарламасының іс-шараларын орындау мәселелері жөнінде

ұсыныстар мен ұсынымдар жасау Кеңестің мақсаты болып табылады.

11. Кеңестің міндеттері:

1) Бағдарлама іс-шараларының орындау барысы мен қорытындыларын жан жақты және әділ зерделеу және жинақтау;

2) Бағдарлама іс-шараларын толық және дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету, аудан барлық ұйымдары мен ведомстволарының, жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және ауданда қолданылып жүрген басқа да тілдердің аудан аумағында дамуына, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында кең қолдануына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі қызметін үйлестіру;

3) Павлодар облысындағы тілдерді дамыту қоғамдық қорымен Бағдарламаны орындау жөніндегі өзара байланыс жасау;

4) Бағдарлама іс-шараларының орындалуын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады;

12. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпті мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Бағдарлама іс-шаралардың орындалуына, ауданның жергілікті атқарушы органдарының ұйымдары мен ведомстволарының мемлекеттік және аудан аумағында қолданылып жүрген басқа тілдердің дамуына, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларына жан-жақты қолдануына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі қызметіне мониторинг жүргізіледі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4. Кеңес қызметін ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

13. Кеңестің мәжілістері қажет болғанда, тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі.

Мәжілістердің күн тәртібі аудан бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының ұсынысы бойынша құрылады. Кеңес мәжілістеріне мәселелерді аудан бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, Кеңес мүшелері, сондай-ақ Кеңес төрағасының немесе оның орынбасарының ұсынысы ішкі саясат және спорт бөлімі дайындайды.

14. Кеңес мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысса, оның мәжілістері құқықты болып саналады.

15. Кеңес мәжілістерінің қорытындысы бойынша қаулысы қабылдайды, олар мәжіліске қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданып, ұсыныс сипатында болады. Кеңес мәжілісіне қатысып отырған мүшелердің көпшілігі дауыс берсе, қаулы қабылданған болып саналады. Дауыс саны тең болса, төрағаның дауысы шешеді.

16. Кеңес мәжілістерді өткізгенде, сараптау және талдау жұмыстарын жүргізгенде жұмыс топтарын құра алады, олар қызметін Кеңестің бір мүшесінің басшылығымен атқарады.

17. Кеңес жүктелген міндеттерін жүзеге асыру үшін:

1) өз мәжілістерінде аудан жергілікті атқарушы органдарының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының басшыларын Қазақстан Республикасында тіл туралы заңнаманы орындау мәселесі бойынша шақырып тыңдауға;

2) өз құзыры шеңберінде аудан мемлекеттік органдары мен мемлекеттік емес ұйымдарынан, қоғамдық бірлестіктерден, мекемелерден, ұйымдар мен кәсіпорындардан қажетті ақпаратты сұратып алуға;

3) жергілікті жерлерде тілдердің қолданылуы мен дамуын қамтамасыз ету жөніндегі ауылдық Кеңестердің қызметін үйлестіруге және бақылауға;

4) аудан әкімі мен әкімдігіне Кеңес құзырына берілген мәселелер бойынша ұсыныстар жасауға;

5) жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық дерекқорларын пайдалануға;

6) құжаттарды дайындауға ғылыми ұйымдарды, тәуелсіз сарапшылар мен мамандарды қатыстыруға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттерді жүзеге асыруға құқылы.

18. Кеңес өз мәжілістерінде бір жылғы жұмыс жоспарын бекітеді.

19. Осы қағидаға өзгерістер мен толықтырулар аудан әкімдігінің тиісті актілерімен және мынадай жағдайларда енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасының тіл саясатына қатысты мәселелер жөніндегі қолданылып жүрген заңнамасына өзгерістер енгізілсе;

2) Кеңес мүшелерінің бастамасы бойынша жасалады.

Май аудан әкімдігінің
2004 жылғы 12 қаңтардағы
"Тілдерді қолдану мен дамытуды
қамтамасыз ету жөніндегі
аудандық үйлестіру кеңесі
туралы" N 9/1 қаулысына
қосымша

Тілдерді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесінің құрамы

1. Амангелді Шаймарданұлы	Закирьянов - аудан әкімінің орынбасары, кеңестің төрағасы

2. Литвинова Надежда Викторовна	- ішкі саясат және спорт бөлімінің бастығы, кеңес төрағасының орынбасары
3. Абылкаирова Айымгүл Жасұланқызы	- ішкі саясат бөлімінің маманы, кеңес хатшысы
Кеңес мүшелері:	
Искакова Рымбике Қомашқызы	- мұсылман әйелдер лигасының төрайымы
Андасов Төлеухан Дүйсенбайұлы	- ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы
Әйтенова Айман Әлібайқызы	- аудандық білім беру бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрағасы
Жұмаділов Ерсін Нұрмұханбетұлы	- аудандық "Шамшырақ" газеті редакторының орынбасары
Зілкенов Саниял Оразбайұлы	- Көктөбе орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Изатова Салтанат Сәулебекқызы	- Көктөбе орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК